

Шеденов Ө.Қ.

Еуразиялық экономикалық одақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына инновациялық-интеллектуалдық мүмкіндік береді

Еуразиялық экономикалық одақ – біздің еліміз үшін халықаралық ынтымақтастықты арттыру, сыртқы саясатты әр тараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін дамыту сияқты жана мүмкіндіктер көзі.

Біздің еліміздің болашағы – оның интеллектуалдық қоры, ғылымы және инновациялық жетістіктерінде. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық даму, көркеюдің негізгі жолы – ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасшы болу. Сондықтан да, шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар, өз ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетіміздің дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізіп, оларды бағалай білу керек.

Еуразиялық экономикалық одақ құрудағы басты мақсаттың бірі – экономикамызды бірлесе жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдердің әрқайсысының мүмкіндіктерін біріктіру.

Түйін сөздер: Инновация, инвестиция, еуразиялық интеграция, стратегиялық басымдық, инновациялық кластер, инновациялық өнім, халықаралық экономикалық ынтымақтастық.

Shedenov U.K.

Eurasian Economic Union creates innovation and intellectual opportunities for social and economic development of the country

Eurasian Economic Union, for our countries a source of new opportunities such as the development of international cooperation, diversification of foreign policy, development of the national economic and commercial interests.

The future of our country - its intellectual resources, science and innovation achievements. The whole experience of developed countries shows that the economic development and prosperity - to be a leader in the area of scientific and technological innovation. Thus, learn foreign technologies and equipment, and also makes it possible for the development of national scientific and technological capacity to implement in the production of scientific achievements of domestic production, and the need to appreciate them.

One of the main purposes of creating the Eurasian Economic Union, to combine the capabilities of each country in order to jointly develop the economy and to strengthen competitiveness.

Key words: Innovation, investment, Eurasian integration, strategic priority, innovation cluster, product innovation, international economic cooperation.

Шеденов У.К.

Евразийский экономический союз создает инновационно-интеллектуальные возможности для социально-экономического развития страны

Евразийский экономический союз для наших стран – источник новых возможностей, таких как развитие международного сотрудничества, диверсификация внешней политики, развитие национально-экономических и торговых интересов.

Будущее нашей страны – ее интеллектуальные ресурсы, науки и инновационные достижения. Весь опыт развитых стран показывает, что экономическое развитие и процветание означает быть лидером в области научно-технических инноваций. Таким образом, осваивать внешние технологии и оборудования, а также развивать национальный научно-технический потенциал, внедрять в производство научные достижения отечественного производства и ценить их.

Основная цель создания Евразийского экономического союза – объединить возможности каждой страны, чтобы совместно развивать экономики и усиливать конкурентоспособность.

Ключевые слова: инновация, инвестиция, евразийская интеграция, стратегический приоритет, инновационный кластер, инновационный продукт, международное экономическое сотрудничество.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ОДАҚ ЕЛІМІЗДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫНА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ-
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтып өткендей, біз көздеген мақсаттар бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын іске асырудан басталады.

Бұл аса маңызды міндеттер Қазақстанды, оның экономикасын, мемлекет пен қоғамды өзгертетін тарихи шаралар кешеніне даңғыл жол салары сөзсіз. Сонымен қатар, планетадағы аса дамыған мемлекеттерді біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес келетін елді дамыту, экономикалық өсім мен барлық қазақстандықтардың өмірін жақсарту үшін жаңа лайықты жағдайлар қалыптастырады.

Еуразиялық экономикалық одақ – елімізді дамыған елдерімен тығыз байланыстырып қана қоймай, сол елдермен тең дәрежеде бәсекелесу мүмкіндігіне бағытталған саяси экономикалық алаң. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында еуразиялық интеграцияның бізге жандық индустриялық төңкерістің қарсаңында ортақ стратегиялық басымдықты қамтамасыз ететінін атап өткен болатын. Еуразиялық экономикалық одақ – бұл ең алдымен біздің елдеріміздің миллиондаған азаматтары үшін жаңа мүмкіндіктер көзі. Сондай-ақ, әлемдік істерде елеулі рөл атқаратын және барлық мемлекеттермен достық және болжамды қарым-қатынастарды дамытудың негізгі басымдықтары, мыналар болып табылады: мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа да шектес салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру, сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін ілгерілету үшін экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту.

Қатысушы елдерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы шарттар жасалуда. Еңбек ресурстары нарығы бірігуде, бұл кәсіби деңгейді көтеру мен еңбек өнімділігін арттырудың маңызды факторы саналады. Азаматтар үшін Еуразиялық экономикалық одақтың әрбір мемлекетінде білім беру қызметі мен әлеуметтік инфрақұрылымдарына тең қолжетімділік жағдайлары жасалуда. Ішкі кедергілерді жою қазірдің өзінде мәдени-гуманитарлық байланыстарымызды күшейтуге, туризмнің өсуіне жақсы ықпал етті. Еуразиялық интеграцияның экономикалық

әлеуеті өте жоғары. Интеграцияға қатысушы бес ел экономикасының жиынтық көлемі шамамен 3 триллион долларды құрайды. Бұл мемлекеттер шығарған өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 2 триллион АҚШ долларына жуықтады. Жиынтық ішкі жалпы өнімнің өсімі түріндегі интеграциялық тиімділіктің келешегі 2030 жылға қарай шамамен бір миллиард долларға жетеді. Еуразиялық ықпалдасуды дамытуға тағы бір маңызды себеп – қазақстандық экономиканың шикізатқа тәуелділігін еңсеру. Тұтыну нарығын ұлғайтусыз мүмкіндігі шектеулі жеделдетілген индустриаландыру қазақстандық экономиканың тартымдылығын айрықша арттыратын дамуымыздың оңтайлы жолы болып табылады. Сондай-ақ, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстанмен бірыңғай нарықта болу Қазақстанға Қытай мен Еуропа Одағының қуатты экономикаларының арасында тиімді дәнекер болуға мүмкіндік туғызады.

Экономикадағы дағдарыс пен ұзаққа созылған тұрақсыздық кез-келген елдің бүгінгі таңда өмірге икемділігінің көп жағдайда басқа елдермен ықпалдастығына байланысты екенін көрсетіп берді. Азаматтардың әл-ауқатының жақсаруын экономикалық өсімсіз елестету мүмкін емес. Ал ол, өз кезегінде өтім нарығының ұлғаюын, кендік кедергілердің жойылуын, инвестицияға қажетті жағдайдың жақсаруын талап етеді. Міне, сондықтан да әлемнің көптеген аймақтарында ықпалдасу процестері жеделдетілуде және әлемдегі ең дамыған отыздықтың қатарына кіретін елдердің бәрі де аймақтық және жаһандық экономикалық бірлестіктердің белсенді қатысушылары болып табылады. 1994 жылы тұңғыш рет Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұсынған Еуразиялық экономикалық ықпалдасу, ең алдымен, Қазақстандағы қарапайым азаматтар мүддесі басымығына сүйенген идея.

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕЭО) құрылуынан бірнеше артықшылықтарға ие болады. Бұл жердегі ең үлкен артықшылық – бұл мемлекеттердің экономикалық әлеуетін қосқандағы шығатын нәтиже. Бес елдің арасындағы сауда айналымы – бір млрд. долларды құраса, бір ғана мұнайдың жиынтық қоры – тоқсан млрд баррельді, бидайдың әлемдік өндірісінің он екі пайызын және осы өнімнің әлемдік экспортының он жеті пайызын құрайды екен. Сонымен бірге, біздің елдеріміздің орасан зор транзиттік әлеуетінің қосылуы ұлттық бюджеттің табысын бірнеше есеге өсіруге алып барады. Ең бастысы, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан кәсіпкерлері өз өнімдерін

халықаралық тұтыну нарықтарына шығаруға қолайлы мүмкіндік алады. Атап айтқанда, мысалға, қазақстандық компанияларға Еуропа нарығына және керісінше, шетелдік әріптестерімізге Азияның нарығына шығатын кездегі кедергілер жойылады.

Еуразиялық интеграцияның екінші артықшылығы – инвестициялық тартымдылығымыз артатынын айтып кетуге болады. Біздің қолайлы инвестициялық және салықтық заңнамамыз қызықтырғандықтан, ресейлік, беларустық, армениялық, қырғызстандық кәсіпкерлер Қазақстанда өз бизнесін ашуға қызығушылық танытуда. Ауқымды тұтыну нарығын құру біздің еліміздің инвестициялық тартымдылығын елеулі арттырады. Қазақстан үшінші бір елдермен келіссөзде пайдаланар мықты ұстанымдарға және экономикалық қарым-қатынаста бәсекелестік артықшылығына қол жеткізеді.

Қазақстан мен Еуропалық одақтың екіжақты қарым-қатынасы тәуелсіздік жылдарынан бері нәтижелі дамып келеді. Біздің елдеріміздің арасындағы сауда-экономикалық айналым айтарлықтай жоғарылады және халықаралық саясат, қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы ынтымақтастық биік деңгейге жетті. Қазақстан жер байлығының, ауыл шаруашылығының арқасында ЕО-ның Орта Азиядағы негізгі және маңызды әріптесіне айналды. Еуроодақ елдерінде Қазақстан тұрақтылықтың белгісі сонымен бірге, Шығыс пен Батысты байланыстырушы көпір ретінде мойындалып отыр.

Жыл сайын Қазақстанның, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстанның, сондай-ақ, басқа да бірқатар ТМД елдерінің ондаған мың азаматтары біздің мемлекеттеріміздің ЖОО-ларында оқуға, еңбекке орналасуға және жедел медициналық көмек алуға теңдей құқықтарды пайдаланады. Бір мемлекеттің азаматтарының басқа қатысушы елдің аумағында шағын және ортақ бизнес жүргізу үшін жағдайлар кеңейіп келеді. Еуразиялық интеграция мәдени-гуманитарлық байланыстарды, туризмді жемісті дамыту үшін көптеген басымдықтар береді. Осының барлығы миллиондаған адамдар үшін нақты тиімділік.

Және қарапайым азаматтар үшін бірқатар артықшылықтарды атап өтсек, біздің азаматтарымыз көптеген тауарлар мен әртүрлі қызмет көрсетулерге қол жеткізеді. Оның сыртында, нарықта импорт және жергілікті өнімдер бағасының төмендеуінен ашық бәсекеге мүмкіндік туады. Тұтынушы үшін ең басты артықшылықпен өндірілетін тауарлардың дүниежүзілік стандарттарға жауап бере алатындай жоғары сапада болуына

деген талап күшейеді. Екінші бір артықшылық – жаңа ашылған біріккен кәсіпорындардың және бүгінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кеңейтілуі есебінен жаңа жұмыс орындары ашылады. Импорттың жеңілдетілуі жаңа техникалар мен технологияның көптеп келуіне ықпал етеді. Осының бәрі жұмыссыздықты азайтып, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне серпін береді.

Сондай-ақ, құрылыс пен көлік инфрақұрылымында қызмет көрсету артатын болады. Электр энергетикасы саласында сонымен қатар, Қазақстан мен Ресей арасында электр қуатын алмасу көбейіп, бағыттарды рационализациялау және оны тұтынушыларға жеткізу артатын болады. Сонымен қатар, көлік құбыр тасымалы саласында, мұнай-газ кен орындарын игеруде, тау-кен металлургия кешені мен атом өндірісі саласындағы ықпалдастықтан пайда зор. Одан басқа, мұнай-химия өндірісінде біріккен кәсіпорындар құру мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Әсіресе, Қазақстан мен Ресейдің машина жасау, металлургиялық өнімдерді пайдалануда ауқымды перспективасы бар. Осы арада Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарындағы кәсіпорындарға оралдық зауыттармен кооперация жасауға үлкен кеңістік ашылатын болады. Ақпараттық технология мен жоғарытехнологиялық салаларды дамытудың жақсы алғышарттары бар.

Агроөндірістік кешеніміз азық-түлік қорын дайындау мен Еуропаға, Парсы шығанағына, Шығыс Азияға, Қытайға азық-түлік өнімдерін экспорттауда зор әлеуетке ие. Бүгінде Қазақстан азық-түлік тауарларын 4 млрд. АҚШ долларға жуық – 200 мың тоннадан астам ет пен 300 мың тонна жеміс-көкөніс импорттайды.

Сонымен қатар, ЕАЭО азық-түлікті экспорттау үшін зор мүмкіндіктерді ашады. Мәселен, Ресей жылына 20-25 млрд. АҚШ долларға - 1 млн. тонна ет және 4 млн. тонна жеміс-көкөніс импорттап отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Еуразиялық одақ құрудың төрт принципті мәселесі бар. Біріншіден, интеграция, ең алдымен, экономикалық қажеттілікке негізделген прагматикалық сипатта ғана бола алады. Екіншіден, көпқабатты және түрлі жеделдіктегі интеграция идеясы. Үшіншіден, қауіпсіздікті бір ғана елдің күш-жігерімен қамтамасыз ету мүмкін емес, аймақтық қауіпсіздік тетіктерін іздестіру қажеттілігі. Төртіншіден, интеграцияның еріктілігі. Еуразиялық экономикалық одақтың даму стратегиясының негізгі басымдықтарының бірі – ұлттық экономикалар мен еуразиялық интеграцияның бүкіл кеңістігінің жеделдетілген инно-

вациялық технологиялық серпілісі үшін негіз болатын жағдайлар қалыптастыру. Бұл жерде барынша нәтижелі және болашағы зор бағдарламалар мен жоспарлар құру маңызды. Мысалы, жасыл энергетика, шикізат ресурстарын қайта өңдеу химия, машина жасау, агроөндіріс, көлік, медицина және фармацевтика салаларында бірлескен жобалар жасалса айтарлықтай нәтиже берері анық. Мәселен, 1997 жылы Дания мен Швеция бірлескен инновациялық орталық – «медиконовалық аңғар» құрды. Қазіргі таңда бұл орталық құрамында 25 фармацевтикалық компаниялар және шетелдік компаниялардың 200 филиалы, сондай-ақ медициналық техника саласы бойынша 65 компания және оның 170 шетелдік компаниялар филиалы орналасқан. Сонымен қатар, әлемдегі ірі 6 технополистің қатарына кіреді. Сондықтан, осындай бірлескен инновациялық жобалар және де инновациялық кластерді дамыту мақсатында ауқымды ғылыми-зерттеу парктерін, зерттеу орталықтарын құру – одақ елдерінің инновациялық ортақ мақсаты болуы тиіс. Бұл тұрғыдан, әлемге әйгілі «Силиконды аңғары» (Калифорния) орталығы, София Антиполис (Франция) инновациялық паркі орналасқан Еуропа және АҚШ елдерінің тәжірибесін ескеру маңызды.

Еуразиялық Одақ – бүгінгі күн мен болашақтың күрделі сынақтарымен өлшенетін мегажоба. Ол қалыптасуы тарихтағы ең күшті жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстар ықпалымен басталған жаңа әлемдік архитектураның органикалық бөлшегі болудың барлық үлкен мүмкіндіктеріне ие. Бұл үшін еуразиялық интеграцияға қатысушылардың барлығында іс-қимылдың анық та нақты стратегиясы болуы қажет.

Біздің еліміздің болашағы – оның интеллектуалды қоры, ғылымы және инновация жетістіктерінде. Тек жоғары сапалы, ең соңғы ғылым жетістіктеріне сай техника мен технологиялар ғана экономиканы көркейттіп, халық өмірін жақсартуға қабілетті. Сондықтан да, ғылымға және ғылыми-техникалық және инновациялық саясатқа ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Біздің еліміздің болашағы – оның интеллектуалды қоры, ғылымы және инновация жетістіктерінде. Тек жоғары сапалы, ең соңғы ғылым жетістіктеріне сай техника мен технологиялар ғана экономиканы көркейттіп, халық өмірін жақсартуға қабілетті. Сондықтан да, ғылымға және ғылыми-техникалық және инновациялық саясатқа ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан – 2050 стратегиясында инновациялық

зерттеулерді дамытудың жаңа саясатын қалыптастыруымыз қажет екенін, сонымен қатар, теңдессіз инновациялар жасау үшін барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн деп атап көрсетті.

Ғылыми-техникалық әлеует кез келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей экономикалық даму, көркеюдің негізгі жолы – ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасшы болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Мемлекет өз тарапынан ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласына қолдау жасап, тиімді саясат жүргізіп отырады. Өйткені, мемлекеттік инновациялық саясаттың негізгі мақсаты – ғылыми-техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзат өмір сүру жағдайларын сапалы түрде жақсартуға бағыттайды. Ал бұл бүкіл адамзат тіршілігі мен шаруашылығының негізгі басты мақсаты. Қазақстандықтар шетел жаңалықтары мен ғылыми-техникалық жетістіктерін табысты түрде игеріп, оларды жоғарғы қарқынмен қызметтеріне енгізіп келеді. Әрине, бұл инновациялар халықаралық технологиялық деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді. Шетел технологиясы мен техникасын игерумен қатар өз ұлттық ғылыми-техникалық әлеуеті-

міздің дамуына жағдай жасап, отандық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін өндіріске енгізіп, оларды бағалай білуіміз керек.

Инновациялық өнімді қалыптастыру және оны нарыққа енгізу өзіндік ерекшелігі бар белгілі бір кезеңдерден өтеді. Сонымен қатар, инновацияның өзіндік қорғану мақсаттары бар. Қазіргі уақытта әлемде көптеген елдер экономикасына инновацияларды енгізуде өзара төрт шешуші ресурс үшін бәсекелестікке түседі: табиғи ресурстар; адам ресурстары (дарындар); қаржылық ресурстар; заманауи тауарлар мен қызмет көрсетулердің жаһандық нарығы. Аталған ресурстарды тиімді пайдаланып, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемнің дамыған және дамушы елдері экономикасын инновацияға негіздеу барысында өздерінің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруда.

Сондықтан, біздің біртұтас экономикалық кеңістігіміз инновациялар мен қуатты технологиялық серпінділіктің аумағы болуының маңызы зор. Басты мақсаттың бірі – экономикаларымызды бірлесе жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдердің әрқайсысының мүмкіндіктерін біріктіру.

Біздің еліміз үшін еуропалық инвестицияны ғылыми ауқымды және өнеркәсіптің инновациялық салаларына шоғырландыру маңызды. Елімізде индустриялық-технологиялық дамудың жаңа бағдарламасын жүзеге асыруда Еуроодақ Қазақстанның пайдалы әрі маңызды әріптесі бола алады.

Әдебиеттер

- 1 Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол». Астана, 2016.
- 2 Н.Ә. Назарбаев. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Астана. – 2014.
- 3 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан – 2050 стратегиясы. Астана, 2012.
- 4 Н.Ә. Назарбаев. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзі, 2014.
- 5 Еуразиялық Одақ – Қазақстанның еуразиялық таңдауы. «Қазақ үні» ұлттық порталы, 2014.
- 6 Е.Қ. Мырзатаев. Президент Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық идеясы және оның дамуы. © e-history.kz, 2015.
- 7 Еуразиялық экономикалық ықпалдастық, НұрОтан қоғамдық саясат институты, Астана, 2014.
- 8 Шеденов Ө.К., Асанова Г.Б. ҚР-да қолайлы инвестициялық климат құру және инновациялық белсенділікті арттыру. Хабаршы, Экономика сериясы № 2/1(108) Алматы: Қазақ Университеті, 2015.

References

- 1 N.A.Nazarbaev «Ult zhospariy - kazakhstandyk armanға bastaytyn Jol». Astana, 2016.
- 2 N.A.Nazarbaev. «Nurly Jol - bolashakka Bastar Jol». Astana, 2014.
- 3 N.A.Nazarbaev. Kazakhstan-2050 strategiyasy. Astana, 2012.
- 4 N.A.Nazarbaev. Lomonosov atyndagy Maskeu Memlekettik universitetinde soylegen sozi. 2014.
- 5 Euraziyalyk Odak - Kazakhstan euraziyalyk tandauy. “Kazakh uni” ulltyk portaly, 2014.
- 6 E.K. Myrzatai. President N. A. Nazarbaevtyñ euraziyalyk ideyasy zhane onyn damuy. © e-history.kz, 2015.
- 7 Euraziyalyk ekonomikalık ykpaldastyk, NurOtan kogamdyk Sayasat institutions Astana, 2014.
- 8 Schedenov Y.K., Asanova G.B KR-da kolayly investitsiyalyk klimate kuru zhane innovatsiyalyk belsendilikti arttyru. Habarshy, Economics seriyasy № 2/1 (108), Almaty. Kazakh University, 2015.